

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

2 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей Кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда

Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-595 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-595 с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.595.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-75-4 (ч.2)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

современной системы государственного заказа в России [Сборники конференций НИЦ Социосфера](#). 2015. № 53. С. 83-85.

6. Кузнецов К.В. Международная практика и российские реалии государственных закупок // Госзаказ. – 2012. – № 2. – С. 18-22.

ӘОЖ: 338.2 (075.8)

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сырлыбаева Ф.М., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ. ғылыми жетекші Байжолова Р.Ә.

Кәсіпкер қоғамға қажет тауарлар мен қызмет көрсету түрлерін өндіру мақсатында жаңа жұмыс орындарын ашып, немесе тиімді шаруашылық іс-әрекет жүргізіп отырған фирмаларда қалыптасқан жұмыс күшінің сапалық деңгейін арттырады. Жаһанданудың теріс салдарларын есепке алмағанда, жаһандану үдерісі жұмыскерлердің жоғары біліктілігін талап ететін аралас салаларда бәсекеге қабілетті тауарлар мен жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді және жалақының өсуіне ықпал етеді. Сондықтан да дамыған елдерде шағын кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөледі.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту сұрақтары Қазақстанда да өзінің өзектілігін жоғалтпайтын мәселелер қатарына жататындықтан, көптеген зерттеушілер оның теориялық мәселелеріне өз еңбектерін арнады.

Кәсіпкерлік әлеуметтік-экономикалық феномен ретінде эволюцияның және тұрақтанудың ұзақ, әрі қиын жолынан өтті. «Кәсіпкер» және «кәсіпкерлік» түсінігі ағылшын және француз тілдерінде «businessman» (іскер адам), «entrepreneur» (кәсіпкер), «enterprise» (кәсіпорын) сөздерінен пайда болған [1].

XVIII ғасырдың басында «кәсіпкер» терминін экономикалық теорияға алғашқы рет ағылшын экономисі, банкир, демограф, капитал қатынастарының ең бірінші зерттеушілерінің бірі Р. Контитлион енгізді.

Р. Контитлион түсінігінде кәсіпкер көріккендік танытатын, тәуекелге баратын, қабылданған шешімге толық жауапкершілік алатын ерекше субъект ретінде болды. Р. Контитлион мұндай адамдар өндірісте де алға басады, бірақ қызмет ететін капиталдың меншік иесі болу міндет еместігіне ерекше назар аударды [2, 7 бет].

Ж.Б. Сэй кәсіпкердің қызметі өндіріс факторларын біріктіру, үйлестіре білуде деп санады. Осындай қызметтің нәтижесі кәсіпкерлік табыс болып табылады. Ж.Б. Сэй кәсіпкерліктің негізгі қызметін қосымша құн (табыс) алуда емес, қарапайым шаруашылық қызмет шеңберінде қайта өндіруді ұйымдастыру және бақылау деп санады [3].

И. Шумпетер кәсіпкерлер қатарына ол тек нарықтық экономикада «өз бетімен» қызмет ететін субъектілерді ғана емес, сонымен қатар «өз бетімен» қызмет етпесе де негіз салатын қызмет атқаратын акционерлік қоғам немесе басқа да жеке фирманың қызметкерін жатқызады [4].

А. Тюнен кәсіпкерді ерекше қасиеттерге ие тұлға (тәуекелге баратын, түрлі шешімдер қабылдайтын және өз қызметтеріне жауап беретін) және сондықтан жоспарланбаған (күтпеген) табысқа үміткер ретінде сипаттады. А. Тюненнің көзқарасын Ф. Найт одан әрі дамытты. Ф Найттың пайымдауы бойынша кәсіпкерлік табыс – фирманың болжамды табысы мен оның нақты көлемі арасындағы айырмашылық. Тюнен-Найттың тұжырымдамалары нәтижесінде экономикалық ғылым кәсіпкерлік мәнін тануда біраз алға жылжыды [5].

Кәсіпкерліктің ерекшелігі – ол жер, еңбек, капитал сияқты өндіріс факторларын жұмыс істеуге мәжбүр ететін қозғалыс күші ретінде болады [6].

Қазіргі экономикалық ғылымда кәсіпкерлік теорияларды дамытушылардың бірі Фридрих Хайек (1899-1992). Кәсіпкер, шаруашылық тұлға ретінде, ерекше іс-әрекет қимылымен, басқа шаруашылық тұлғалар байқамаған, пайда табудың жан-жақты мүмкіндіктерін іздестіріп, оны молайтып, иемдену шараларын жүзеге асырады. Хайектің пайымдауы бойынша, заманауи жағдайда кәсіпкерлер, жоғары деңгейде шиеленіскен нарықтық бәсекелік ортада, жоғары деңгейдегі тәуекелділікке бел-буып жеңіске жетіп, шаруашылық іс-әрекетінің өміршеңдігін дәлелдеп отыруға мәжбүр [7].

Кәсіпкерлік теориясын дамытуда басқа да шетелдік ғалымдар өз үлесін қосты. Олар К.Веспер, Г.Пиншот, Р.Хизрич, М.Питерс, А.Хоскинг және т.б.

Ірі өндірістер пайда болғанша шағын кәсіпкерлік бойынша проблема туындаған жоқ. Классикалық саяси экономика өкілдері А. Смит, Д. Рикардо, К. Маркс еркін бәсекелестік

капитализмін зерттеді. Осы проблемаға жаңа классиктер, әсіресе А. Маршалл да өз үлесін қосты.

Шағын кәсіпкерліктің экономикадағы рөлі мардымды. Ол экономиканы ортақ тұтастылыққа біріктіреді, белгілі фундаментті құрайды.

Шағын кәсіпкерлік орта және ірі кәсіпкерліктің толтыра алмайтын орындарын толтыра алады. Қазіргі қоғам мен шаруашылық онсыз қызмет ете алмайды. Біріншіден, бұл аялардағы көптеген кәсіпорындардың болуы үй шаруашылығына түсетін салмақты азайтады, бос уақытты ұлғайта отырып, демалыс уақытын ұзартады. Бұл білім мен мәдени деңгейді көтеруге, отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді. Екіншіден, шағын сервистік фирмалар ірі бизнесті қажетті ақпаратпен, ресурстармен қамтамасыз етеді. Үшіншіден, шағын кәсіпкерлік инновация үшін кең алаң болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік елдегі нарықтық шаруашылықтың қаншалықты бәсекеге қабілетті екендігін білдіретін көрсеткіш болып табылады. Экономикалық дамудың қазіргі теорияларында экономикалық дамудың кәсіпкерлік деп аталатын үлгі ерекше маңызға ие болып отыр. Оның мәні мынада: жаңа орта және шағын кәсіпорындардың экономиканың жағдайын жақсартуда үлкен әлеуеті бар. Осы теорияға сәйкес мемлекет жеткілікті деңгейде ынталандырудың тиімді және икемді тәсілдерін тауып, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруы қажет. Экономиканың қазіргі даму жағдайында экономикалық дамудың кәсіпкерлік үлгісі Қазақстан үшін де тқтас алғандағы экономиканы сауықтырудың маңызды фактора болуы ықтимал. Сонымен бірге бұл теория дағдарыстан шығудың бірінші қадамы да болуы мүмкін. ^і

Шағын кәсіпкерлік - бұл жан-жақты және күрделі экономикалық құбылыс. Қазіргі заманғы экономикалық әдебиеттерде шағын кәсіпкерліктің түрлі тұжырымдамалары берілген.

Осыған байланысты тоқталуды қажет ететін мәселе – кәсіпкерлік жүйесінде шағын кәсіпкерлік, шағын бизнестің мән-мазмұнын анықтайтын саяси-экономикалық және басқарушылық ілімдердегі әдіснамалық негіздері. Американдық экономист П.Друкер тұжырымдамаларын, жалпы кәсіпкерлік туралы әңгімелерін, шын мәнінде, шағын кәсіпкерліктен бастап, сол шағын кәсіпкерлікпен байланыстырады [8].

Американдық кәсіпкер және публицист П. Хоукен «шағын кәсіпкерлік экономиканы дамытуды тұрақтандыратын негізгі элемент, қоршаған ортаға бейімделудің, тәуекел жағдайды өткерудің амалы» - деп санады. Ресейлік және біздің отандық ғалымдар жалпы кәсіпкерлік, кәсіпкерлік іс-әрекетінің даму теориясын ХХ ғ. 90-шы жылдарынан бастап, жан-жақты зерттеп, тарихи әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты, мазмұнын зерттей бастады.

Ресейлік ғалымдар В.Я. Горфинкель, В.А. Швандар кәсіпкерлік және бизнес теориясына байланысты алғашқа оқулықтар мен ғылыми жұмыстардың авторлары: кәсіпкерлік, шағын бизнестің мәні, олардың экономикалық жүйелердегі орны; шет елдік шағын бизнестің даму үрдісі мен қазіргі жағдайлары; шағын бизнесті өтпелі қоғамда дамытудың жолдарын анықтап, зерттеді. М.Г.Лапуста кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық мазмұны, теориясының даму тарихы, оның ресейлік экономикадағы орны, құқықтық негіздері, оны бастап, ашу т.б. мәселелерін тұжырымдап, белгілі бір жүйеге келтірді. А. Циганов «шағын кәсіпкерлік – бұл ірі фирманың қарапайым көрінісі ғана емес, өз ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері бар экономикалық өмірдің жеке және кәдімгі субъектісі. А.Н. Азрилянның басшылығымен жазылған үлкен экономикалық сөздікте шағын кәсіпкерліктің келесі анықтамасы беріледі: «бұл ешбір монополистік бірлестікке кірмейтін, экономикада монополияға қатысты тәуелді рөл атқаратын орта және шағын жеке кәсіпорындардың жиынтығын белгілеу».

Ғылыми жұмыстардың бірқатарында шағын кәсіпкерлік адамдардың шағын тобымен немесе бір меншік иесімен жүзеге асырылатын қызмет ретінде танылады. «Шағын кәсіпкерлік» түсінігі, ең алдымен, шаруашылық жүргізуші субъектінің критерийлерімен байланысты.

Қазақстанда 2006 жылдың қаңтарында қабылданған «Шағын кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жұмысшыларының орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын, заңды тұлға ретінде құрылмаған жеке кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, жұмысшыларының орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын активтерінің орташа жылдық саны қаржылық жылға сәйкес республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген 60 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар жатады [9].

Қазақстанда кәсіпкерлік түсінігі адамзат дамуының қоғамдық сатысында ақша-тауар қатынастар түсінігімен бірге пайда болды. Тайпалардың арасында «сауданың» негізгі түрі натуралды айырбас болған кезде, өзіне пайда табу мақсатында бір тайпадан екінші тайпаға көшіп түрлі тауарларды айырбастаған ұсақ айырбас-көшпенділер пайда болды. Мұны кәсіпкерлік рухтың көрінісі

деп те қарастыруға болады.

Бір жарым мың жыл бұрын (б.з.д. 334 жыл) Ұлы Жібек жолы бастау алды және Қазақстан керуен жолдарының ортасында орналасты. Ұлы жібек жолында орналасқан қалалар кәсіпкерліктің арқасында дамыды және қазақ халқы құрамына кіретін түркі тілдес тайпалардың тұрақтануына алып келді. Саудалық қатынас пен экономикалық байланыстар халықтар мен тайпалардың бір бірінен шаруашылық жүргізу әдістерін үйренуге қолғабыс етті. XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана Қазақстандағы сауда қатынастары, негізінен Солтүстікте – Ресеймен, Оңтүстікте – Қытаймен қайта жандандырылды.

Осылайша қазақ жері арқылы Шығысқа және Батысқа бет алған саудагерлер міндетті түрде біздің қалалар арқылы өтті. Осындай экономикалық қатынастардың арқасында ерте орта ғасырларда кәсіпкерлік қарқынды дамыды, қалалар өсті. Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуіне байланысты, кәсіпкерліктің әртүрлі нысандары дамыды. Кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық мән-мазмұны, олардың нысандары, ұлттық экономикада алатын орны, мемлекетпен қарым-қатынасы т.б. теориялық және тәжірибиелік мәселелері туралы ой-пікір мен тұжырымдамаларды О.С.Сәбден, А.Н.Токсанова, А.К.Кантарбаева, К.Р.Нургалиев, О.Ж.Әлі, Байжолова Р.Ә. т.б. қазақстандық ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Қазақстандық ғалымдар О.С. Сәбден мен А.Н.Токсанованың «Шағын кәсіпкерлікті басқару: теориялық және тәжірибиелік сауалдар» атты кітабында шағын кәсіпкерліктің жан-жақты ауқымды мәселелерін зерделеген.

Ғалымдар кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың шет елдік тәжірибесін зерттеп, бір жақты көзқарасқа келіп, кәсіпкерліктің әртүрлі деңгейлерін, оларды Қазақстанда дамыту жолдарын, шағын фирмалар мен бизнес-инкубаторларды қалыптастырып, мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде қолдаудың қаржылық-экономикалық тетіктерін анықтап, жүйелеген [10]. А.К. Кантарбаева кәсіпкерлік пен кәсіпкерлік іс-әрекеттің теориясын терең зерттеген қазақстандық ғалымдардың бірі [11].

К.Р. Нургалиев мәселені зерттегенде кәсіпкерлік қандай да болмасын ұлттық экономикада халықты экономикалық белсендетудің негізгі насандары екендігі, кәсіпкерлікке неғұрлым қабілетті, және белсенді адамдар қатысқан жағдайда соғұрлым қоғамдағы экономикалық ресурстар мен мүмкіндіктер тиімді және үйлесімді пайдаланылып, соның нәтижесінде ұлттық экономиканың жоғарғы қарқынды даму деңгейінің орын алатындығы жайлы сөз қозғайды. [12].

Е.С. Юдникова нақты саладағы кәсіпкерлікті, сауда кәсіпкерлігін, оның дамушы экономикалық жүйедегі орны мен тиімділігін арттыру тетіктерін зерттеп, өзінің тұжырымдамаларын бір жүйеге келтіріп, кәсіпкерлік теориялары дамуының кезеңдерін бөліп көрсетті [13]. Шағын кәсіпкерлікке қатысты мәселелер басқа да авторлардың еңбектерінде қарастырылған. Дегенмен зерттеулер қазіргі заманғы әдебиеттерде нақты қабылданған кәсіпкерлік туралы анықтаманың қалыптаспағандығын көрсетеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда кәсіпкерлік теориясы мен тәжірибесі белгілі бір деңгейде дамып белгілі жүйеге келтірілді. Дегенмен де, еліміздің экономикасы тұрағылықты өркендеуде, ал өркендеуші экономика кәсіпкерлікке, әсіресе шағын кәсіпкерлікке жаңа деңгейде, жаңа талаптар қояды, оның жаңашылдық нысандары мен үлгілерін дамытуды қажет етеді. Кәсіпкерліктің осындай нысандары мен үлгілерінің заманауи бірінің-бірегейі ол, біріншіден, кластерлік үлгідегі кәсіпкерлік, ал екіншіден, шағын инновациялық кәсіпкерлік.

Ұлттық экономика дамуының қарқындылығын жоғарылату жалпы кәсіпкерлікті, оның ішінде шағын кәсіпкерлікті дамытуды керек етеді, әсіресе, шағын кәсіпкерлікке жаңа талаптар қояды. Осыған тұрғыдан алғанда, шағын кәсіпкерлікті дамыту тетіктерін үнемі жетілдіріп отыру қажет. Бір мақала деңгейінде барлық зерттеулерді қарастырып шығудың мүмкін еместігі белгілі. Осыған байланысты өз зерттеуімізде біз шағын кәсіпкерліктің әр қырын қамтитын зерттеулерді ғана қамтыдық. Осыған байланысты тағы да шағын кәсіпкерліктің белсенділігін арттырудағы мемлекеттің ерекше ролін айтуға тура келеді. Ал мәселенің теориялық жағын жетілдіру осы мәселемен айналысыатын қазіргі және болашақ зерттеушілердің үлесіне тиесілі. Атап айтқанда, бұл мәселе өзектілігін жоғалпайтын сұрақтар қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Самарина А.Я. Английские консерваторы: Теория и практика свободного рынка. - Оренбург, 1990.
2. Токсанова А.Н. Основы предпринимательской деятельности.- Астана., 2007., 479 с.

3. Блинов А.О., Бутенко О.В., Кестер Я.М. Экономика и организация малого предпринимательства.-М.:ФОН,1996.
4. Шумпетер И. Теория экономического развития. – М.: 1982.
5. Найт Ф.Х. Риск, неопределенность и прибыль. – М.: 2003.Щербаков А.И., Ивасенко А.Г., Чугунова О.А. Инновационный бизнес: российские проблемы и международный опыт. - Новосибирск, 2000, 147 с.
6. Кубаев К.Е. Стратегическое управление фирмами. - Сборник, посвященный 35-летию КазГАУ, - Алматы.: Экономика,1999.
7. Хайек фон Ф.А. Познание, конкуренция и свобода. – СПб.:1999.
8. Друкер П. Бизнес и инновации. – М.: 2007.
9. Жеке кәсіпкерлік туралы 2006 ж. 31 қаңтардағы №124-III Қазақстан Республикасының Заңы (2008.05.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
10. Сабден О.С., Токсанова А.Н.Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики. – Астана: Елорда, 2001. – с.308
11. Кантарбаева А.К. Экономические регуляторы поддержки предпринимательства. - А.: Раритет, 2008. с.101.
12. Нурғалиев К. Р. Экономика Казахстана. - Алматы, 2009. - 285с.
13. Юдникова Е.С. Теория и методология обеспечения системной конкурентоспособности торговых предпринимательских структур. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук. – СПб.: 2008.

УДК 338.2 (075.8)

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ «RIFLE»

Сычев Е.В. Казахский университет технологии и бизнеса г.Астана. Республика Казахстан
zhamilya1952@mail.ru Научный руководитель: Мизамбекова Ж.К., к.э.н., доцент КазУТБ

Эффективность деятельности предприятий в значительной степени зависит от эффективности использования активов (имущества) организации – один из важнейших критериев для решения вопроса о целесообразности вложения средств в данную организацию, предприятие, инвестиционный проект.

Одним из наиболее правильных, признанных и широко применяемых обобщающих показателей меры эффективности активов организации является коэффициент доходности - прибыльности, представляющий собой отношение чистого дохода к общим активам, т.е. авансированному капиталу для получения этого дохода, прибыли. Уровень доходности активов целесообразно сравнивать с альтернативными путями использования капитала, как например, доходом, полученным предприятием, подтвержденными той же степени риска [1].

Как показатель эффективности управления уровень доходности авансированного капитала является индикатором его качества.

Как измеритель способности организации зарабатывать достаточный доход для инвестирования в сочетании с характеристикой эффективности управления уровень доходности авансированного (общего) капитала является надежным показателем долговременного финансового здоровья предприятия, В этой связи он представляет большой интерес для инвесторов и кредиторов долгосрочных кредитов и займов.

Важность использования этого показателя для прогнозирования дохода (прибыли) заключается в том, что он обеспечивает взаимосвязь дохода, которая организация предполагает получить, с активом - общим капиталом предприятия, что повышает реальность прогнозирования.

Уровень доходности активов - общего капитала играет важную роль в принятии инвестиционных решений на предприятии, а также при разработке стратегических финансовых планов. В дальнейшем при анализе стоимости имущества предприятия, исчисляются показатели, характеризующие эффективность использования активов [2].

В соответствии с международными стандартами наиболее важным показателем, характеризующим эффективность использования имущества, является рентабельность активов, исчисляется по формуле:

$$P \text{ активов} = \text{Чистый доход} / \text{Среднегодовая стоимость имущества} \times 100\%$$

Данный показатель, исчисляемый в процентах характеризует сумму дохода, приходящегося на